

«Қамқоршылық кенес» отырысының  
ХАТТАМАСЫ № 5

Мерзімі: 19.06.2025 ж

Қатысқаны: «Қамқоршылық» кенесінің мүшелері, мектеп әкімшілігі, хатшы.

**Күн тәртібіндегі мәселелер**

- Мектеп аумағын көгалдандыру және абаттандыру бойынша атқарылған жұмыстар
- Окушыларды қосымша білім берумен қамту жұмыстарының ұйымдастырылу денгейі
- Балалардың өмірі мен деңсаулығын қорғау мақсатында қамқорлыққа мұқтаж окушыларды сыртқы және мектепшілік лагерьмен қамтамасыз ету жұмыстары
- Сөйлеу тілі мен бұзылыстары бар окушылармен жүргізілген жұмыстар

Тындалды:

*Қаныш Сәтбаев атындағы орта мектеп- лицей директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ш.Аймагамбетова сөз сөйлемі: Қаныш Сәтбаев атындағы орта мектеп-лицейінде көктемгі маусымда мектеп аумағын көгалдандыру және абаттандыру бағытында бірқатар жүйелі жұмыстар жүргізілді. Алдымен, "Birgemiz: Taza Alem" экологиялық сенбілігі аясында мектеп ұжымы мен окушылардың қатысуымен жалпы мектептік сенбілік ұйымдастырылды. Сенбілік барысында мектеп айналасындағы күл-қоқыс жиналып, аумақ толықтай тазартылды. Бұл сенбіліктің басты мақсаты – окушылардың тұған жерге деген жанашырлығын арттырып, коршаған ортаға қамқорлықпен қарауға тәрбиелу болды. Сенбілік апта сайын ұйымдастырылып, мектеп аумағының тазалығы мен тәртібі үнемі назарда ұсталды. Көктемгі мезгіл уақытында "Жас маман – жаңарудың жаршысы" атты жас мамандар апталығы аясында «Жаңаруға қадам» күніне орай өткізілген «Жаңа толқын: Жас мамандардың кәсіби көкжидегі» атты форум шеңберінде "Жасыл мектеп – жасамғаз ұстаз!" акциясы өткізілді. Акция барысында мектеп-лицейдің жас мамандары мен 10 «Б» сынып окушылары бірлесіп мектеп ауласында ағаш көшеттерін отырғызды. Оның ішінде 10 үйенекі, 10 қараған, 10 кайың, 10 шие ағашы отырғызылды. Бұл шара – жас үрпақтың экологиялық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған маңызды тәрбиелік қадам болды. Сонымен қатар, сынып жетекшілер окушылармен бірге мектептің гүлзарларын көркейту мақсатында шырайғұл егіп, аулаға сән беретін гүл шоқтарын орналастырды. Бұл жұмыс окушылардың енбекке деген сүйіспеншілігін арттырып, көркем эстетикалық талғамын қалыптастыруға ықпал етті. Жалпы, көктемгі кезеңде атқарылған көгалдандыру жұмыстары – мектептің сыртқы келбетін жақсартуға ғана емес, окушылардың табиғатты суюіне, тұған өлкеге деген құрмет сезімін оятуға бағытталған тиімді іс-шаралар болды.*

*Екінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б. Эбдіқалыкова сөз сөйлемі. 2024-2025 оку жылында Қаныш Сәтбаев атындағы орта мектеп-лицейінде окушыларды қосымша білім берумен қамту жұмыстары бекітілген жоспар негізінде жүйелі түрде жүргізілді. Бұл жұмыстардың негізгі мақсаты – окушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, шығармашылық және зияткерлік қабілеттерін дамыту, спорттық жетістіктерге баулу, сонымен қатар салауатты өмір салтын қалыптастыру болып табылады.*

✓ Жалпы окушылар саны – 1391

✓ Үйірмелер мен спорт секцияларына қатысатын окушылар үлесі – 85,4 %

Жұмыс жүргізілген бағыттар:

Спорттық бағыт: футбол, волейбол, баскетбол, женіл атлетика, тоғызқұмалак, шахмат, шанғы;  
Шығармашылық бағыт: би, вокал, қолөнер, театр, дебат клубы

Пәндік бағыт: математика, орыс тілі, ағылшын тілі, коркем жазу, кітап оку, лингвистика. Әр үйірме мен секция нақты кесте бойынша аптанаң белгілінген күндерінде өткізіліп, жетекшілер жауапкершілікпен жүргізді. Кестеге сәйкес 24 түрлі шығармашылық және пәндік үйірме, 10 спорт секциясы ұйымдастырылды. Олардың бәрі мектептің материалдық-техникалық мүмкіндіктерін ескере отырып, қолайлы уақытта откізілді.

- ✓ Жетістіктер:
- ✓ Мектеп оқушылары үйірмелер мен секцияларда алған білімдері мен дағдыларын түрлі деңгейдегі байқаулар мен жарыстарда сәтті дәлелдеп келеді.
  - Атап айтқанда:
  - ✓ Волейбол: Қалалық жарыс – I орын, облыстық – II орын
  - ✓ Баскетбол: Қалалық – II орын
  - ✓ Шанды жарысы (Мектеп лигасы): Қалалық – III орын
  - ✓ Президенттік көпсайыс: Облыстық – II орын (Мәдібек Әділбек, 11 "Б")
  - ✓ "Алтын Сақа" олимпиадасы: Қалалық – III орын
  - ✓ «Алаш» балалар театры:
  - ✓ Қалалық театр байқауы – Бас жүлде
  - ✓ «Тәуелсіздік тұғырым» байқауы – I орын
  - ✓ «Әбіш оқулары» (қалалық) – I орын, (облыстық) – II орын
  - ✓ «Театрдың ғажайып әлемі» – Бас жүлде
  - ✓ «Дәстүр» облыстық театрлық байқауы – III орын

Үйірмелер мен секциялар оқушылардың жан-жақты дамуына, ынтымактастықты нығайтуға, тәртіп пен жауапкершілікті арттыруға, сондай-ақ білім сапасына оң әсерін тигізіп отыр. Қосымша білім берумен қамтудың жоғары деңгейде ұйымдастырылуы – білім алушылардың жеке тұлғалық және шығармашылық әлеуетін ашуға үлкен мүмкіндік беруде.

*Келесі мәселе бойынша директордың тарбие ісі жөніндегі орынбасары А.Габбасова сөйлемеді.* Қаныш Сәтбаев атындағы мектеп-лициеі КММ-де 2025 жылғы жазғы демалыс кезеңінде оқушылардың өмірі мен денсаулығын қорғау, бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында бірқатар іс-шаралар жүзеге асырылды.

Атап айтқанда, әлеуметтік осал топтар санатына жататын, оның ішінде жартылай жетім, көбалаалы отбасылардан шыққан, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, ерекше білімді қажет ететін және материалдық тұрғыдан қолдауды қажет ететін оқушылар тізімі жасақталды.

Осы санаттағы оқушылардың ішінен:

- 7 оқушы қала сыртындағы «Әсем» жазғы сауықтыру лагеріне жолданып, толықтай демалыспен қамтылды;
- 15 оқушы мектеп жанындағы “Айналайын” жазғы сауықтыру лагеріне құжат тапсырып, қатысуға ниет білдірді.

Барлық оқушылардың қауіпсіздігіне, денсаулығына және демалыс уақытының мазмұнды өтуіне ерекше көніл бөлінді. Лагерь жұмыстары барысында күнделікті медициналық бақылау, дene шынықтыру-сауықтыру шаралары, тәрбиелік бағыттағы ойындар мен танымдық іс-шаралар ұйымдастырылды.

Аталған жұмыс оқушылардың жазғы демалысын тиімді ұйымдастыруға, әлеуметтік қолдауға мүқтаж балаларды қамтуға және олардың құқықтарын қорғауға бағытталды.

2025 жылғы 2 маусым мен 16 маусым аралығында мектеп жанындағы “Айналайын” жазғы лагері жұмыс істеді. Аталған лагерьге жалпы саны 15 оқушы қатысты. Оның ішінде 8 оқушы — көп балалы отбасынан шыққан, 7 оқушы — аз қамтылған отбасынан шыққан.

Барлық оқушыларға лагерь барысында тегін тамақтану, ойын-сауық және тәрбиелік бағыттағы іс-шаралар ұйымдастырылып, олардың қауіпсіздігі мен денсаулығы басты назарда болды. Лагерь жұмысы барысында жоспарға сай түрлі бағытта танымдық, спорттық, мәдени және тәрбиелік іс-шаралар ұйымдастырылды. Іс-шаралар жоспарға сай күн сайын өткізіліп, оқушылардың жас ерекшеліктері ескерілді. Сонымен қатар, балалардың қауіпсіздігі мен денсаулығы басты назарда ұсталды. Барлық қатысушылар қажетті ресурстармен қамтамасыз етілді. “Айналайын” мектепшілік жазғы лагеріне қатысқан оқушылар үшін барлық қажетті жағдайлар жасалды. Атап айтқанда, балалар тынығу бөлмелерімен (жатын орындарымен)

Камтамасыз етіліп, олардың қауіпсіздігі мен демалысы үшін қолайлы орта құрылды. Сонымен қатар, лагерь қатысушыларына күніне 5 мезгіл тегін тамак ұйымдастырылып, тамақтану санитарлық-гигиеналық талаптарға сай жүргізілді.

**Сөз мәселе бойынша логопед Г. Мухамбетова соык сойлеуді:** Сойлеу тілінің бұзылыстары әртүрлі себептерге байланысты пайда болады және окушының оку процесіне, қоршаған оргамен қарым-қатынасына, психоэмоционалдық дамуына кері әсерін тигізуі мүмкін. Осы орайда логопедтің басты мақсаты – сойлеу қабілетінде ауытқушылығы бар балаларды дер кезінде анықтап, жүйелі түрде түзету-дамыту жұмыстарын жүргізу.

Жыл бойы жоспарға сәйкес бірнеше жұмыстар атқарылды.

1. Диагностика кезеңі. 2024-25 оку жылының басында мектебімізде жалпы ЕББҚЕ 10 бала ПМПК корытындысы мен келді. Олардың 3 окушысы логопед көмегін қажет етеді. Олар 1 сыныптан 1-окушы, 3-сыныптан 1 окушы, 4-сыныптан -1 окушы. Ал 1-сыныптан 38 бала диагностика кезінде анықталып алынды.

Жұмыс окушының сөйлеу тілі деңгейін анықтаудан басталады:

- Дыбыстардың айтылуын тексеру;
- Сөздік қоры мен грамматикалық құрылымдарды қолдану деңгейі;
- Байланыстырып сөйлеу дағдысы;
- Есту, көру арқылы қабылдау ерекшеліктері.

Диагностика нәтижесінде әр балаға жеке түзету жұмыстарының жоспары жасалады.

2. Жеке және топтық түзету сабактары.

Жұмыстар төмөндегідей бағыттар бойынша жүргізіледі:

Фонетикалық-фонематикалық бұзылыстар кезінде дұрыс дыбыстауды үйрету, дыбысты қою, бекіту, автоматтандыру;

Жалпы сөйлеу тілі дамымауы кезінде сөздік қорын молайту, грамматикалық құрылымдарды менгерту;

Жабық тұмсықтық, тұтықпа сияқты қурделі бұзылыстар кезінде тыныс алу жаттығулары, логоритмика қолданылады;

Дизартрия, ринолалия кезінде артикуляциялық жаттығулар, бет бұлышқеттерін дамыту жұмыстары жүргізіледі.

3. Логоритмика мен ойын элементтері арқылы дамыту.

Логоритмикалық жаттығулар сөйлеуді қимылмен, ырғакпен, музыкамен байланыстыруға мүмкіндік береді. Бұл әдіс балалардың сөйлеу белсенділігін арттырып, эмоционалдық жай-күйін жақсартады. Ойын түріндегі тапсырмалар да балаға женіл әрі қызықты формада тілдік материалды менгеруге көмектеседі.

4. Ата-аналармен және мұғалімдермен жұмыс.

Ата-аналарға арналған кеңестер, үй жағдайында қайталауға арналған жаттығулар;

Мұғалімдермен бірлескен жұмыс арқылы оку процесінде баланың сөйлеуін қолдау;

Арнайы дәптер мен күнделік арқылы логопедиялық бақылау.

5. Жетістіктер мен нәтиже

Окушылардың басым бөлігінде дыбыстардың дұрыс айтылуы қалпына келді;

Сөздік қорлары кеңейіп, сөйлем құрау қабілеттері артты;

Қарым-қатынасқа деген сенімділік пайда болды;

Оку үлгерімінде оң өзгерістер Оку жылының басында логопедке алынған 38 окушының қазіргі танда 31 нәтижемен шығарылды. Қалған 7 окушы алдағы оку жылында әлі де логопед көмегін қажет етеді.

**Сөйлеушілер:**

**C. Абдрахманов (қамқоршылық кеңес мүшесі):**

Бұгінгі жылнда айтылған мәліметтер – мектеп ұжымының жүйелі және нәтижелі жұмысын нақты айғақтайды. Көктемгі көгалданыру жұмыстары мен экологиялық тәрбиенің маңыздылығы, қосымша біліммен қамту аясында жүргізілген үйірмелер мен спорттық секциялардың жоғары ұйымдастырылуы, окушылардың шығармашылық және спорттық жетістіктері – бәрі де білім ордасында баланың жан-жақты дамуына жағдай жасалғанын көрсетеді. Сонымен қатар, жазғы демалысты тиімді ұйымдастыру мен логопедиялық көмекке

мұқтаж балаларға жүйелі колдау корсетілуі – мектептің әр баланың әлеуетін ескеріп жұмыс жүргізіп отырганын дәлелдейді.

Осы бағыттагы ігі істер алдағы уақытта да жалғасын тауып, әр баланың болашагына оң ықпал етеді деп сенеміз.

### **C. Қынбаева (қамқоршылық кеңес мүшесі):**

Қамқоршылық кеңесі мектеп аумагын қогалдандыру бағытында жүргізілген жұмыстарды жоғары бағалайды. Сенбіліктердің жүйелі откізілуі, жасыл жалектердің егілуі – окушылардың экологиялық тәрбиесіне оң әсер етіп, туган жерге деген сүйіспешілігін арттырады. Жас мамандардың белсенділігі мен окушылардың атсалысы – тәрбиелік маңызы зор үлгі боларлық іс. Сонымен қатар мектепте қосымша біліммен қамтудың жоғары деңгейде ұйымдастырылғаны қуантады. Үйірмелер мен спорт секцияларына окушылардың 85 пайыздан астамының қатысы – бұл жұмыстың тиімділігін көрсетеді. Әрбір окушының шығармашылық және зияткерлік дамуына жасалған жағдай – болашақтың сапалы азаматын тәрбиелеудің кепілі деп білеміз.

### **3. Абдрахманова (қамқоршылық кеңес мүшесі) :**

Әлеуметтік осал топтағы окушылардың жазғы демалыспен қамтылуы – өте маңызды әрі құптарлық бастама. «Айналайын» лагерьлеріндегі жұмыстар балалардың демалысын мазмұнды ұйымдастырумен қатар, олардың деңсаулығы мен қауіпсіздігін қамту бағытында жақсы жүргізілгенін әлеуметтік желіден де байқап отырмыз. Бұл — қамқорлық пен жанашырлықтың нақты көрінісі. Әр баланың дамуы мен қауіпсіздігі – ортақ мақсатымыз.

### **Қаулы**

1. Мектеп аумагын қогалдандыру және абаттандыру жұмыстары аясында жүргізілген ішшаралар оң нәтиже берді деп танылып, маусымдық жоспар бойынша жалғастырылсын.
2. Қосымша білім беру бағытындағы үйірмелер мен секциялардың қызметі тиімді ұйымдастырғаны ескеріліп, барлық окушыларды қамту үлесін арттыру қарастырылсын.
3. Әлеуметтік осал топтағы окушылардың жазғы демалыс кезеңінде мектепшілік және сыртқы сауықтыру лагерьлерімен қамту жұмыстары қанағаттанарлық деңгейде жүргізілген деп танылып, бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жүйелі түрде жалғастырылсын.
4. Сөйлеу тілі мен бұзылыстары бар окушылармен логопедиялық және психологиялық колдау жұмыстары уақытын жүргізіліп отырганы назарға алынып, әр окушының жеке даму ерекшелігіне сәйкес түзету-дамыту жұмыстары әрі қарай да сапалы әрі жүйелі ұйымдастырылсын.

«Қамқоршылық кеңесінің» төрағасы:

Д. Тажигутова

Хатшы:

Ә.Әбілдаева

1. Сулакаева Амангали Толсатовна  
Рук

2. Абдалье Дарессанисимовна  
Мары

3 Галебесова Гульмира Алиевна  
Гадж

4. Абдрахманов Сазам Мансардановна  
Сабит

5. Кудаева Аргак Натасеевна  
Кудай

6. Панов Азамат Репикул ис

Азим

7. Абдрахманова Зарина Мараслановна

Азим

8. Кильбасова Светлана Кусиничновна

Киль

9. Пахитумова Биара Махмитова - Гы